## «Бес терек» жұмыс жоспарының орындалуы туралы

*«Бес терек» жобасы жайлы түсінік*

Бұл жоба «Бес терек» ғылыми практикалық жұмысының аясында білім беру ұйымдарының психолог мамандарына бағытталған. Жоба концепциясы бойынша, жастар мен жасөспірімдер арасындағы деструктивті және аутодеструктивті мінез - құлықтың алдын алу үшін білім беру ұйымдарына қарасты бес маман бірлесіп, белгілі бір алгоритммен жұмыс жасалынады. Олар, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекші, әлеуметтік педагог, педагог-психолог және мектеп инспекторы. Осы мамандардың бірлескен жұмыстары нәтижесінде кез келген оқушы өзінің қауіпсіздікте және психологиялық әлеуметтік тұрғыдан қанағаттанарлықтай сезініп деструктивті және аутодеструктивті әрекетке бару ықтималы төмендейді.

«Бес терек» жобасы екі кезеңде жүзеге асырылады. 1- кезең кабинеттік талдау, 2- кезең далалық зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылының басында «Бес терек» жобасы бойынша арнайы жылдық жұмыс жоспары жасалынып, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Розметовтың келісімі мен және мектеп директоры Н.Балтабаевтың бекітуімен жоспар жасалынған. Жоспар бойынша Қыркүйек, қазан, қараша айларында «Бес терек» жобасының І кезеңі Кабинеттік талдау жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: Аутодеструктивті мінез – құлықты оқушылардың тәуекел топтарын анықтау. Әр бір мамандардың талдау жұмыстары жинақталып, «қызыл, сары, жасыл» деңгейдегі оқушылар тізімі анықталып, Қызыл деңгейдегі оқушыларды арнайы Тәуекел топқа тіркеп алынды. Бұл жобада ең басты ескерілетін жағдай кез келген оқушының туысы немесе бауыр, әке шешелері өз өзіне қол жұмсаған болса ол оқушы міндетті түрде «Қызыл» топқа енгізіледі.

| № | 5-11сынып окушы-ларынынжалпы саны | Кабинеттік талдау (аныкталған окушылар саны) | | | | | Нәтижесі: |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1.1. Әлеуметтік педагогтың мәліметтері бойынша окушылар саны | 1.2. Тәртібінде және оку үлгерімінде катты өзгерістер бар | 1.3.Мектеп Инспекторының тіркеудегі окушылар саны | 1.4. Медбикетолтыратынтізім. Д-есебіндегіокушылар саны | 1.5. Сыныпжетекшініңәлеуметтікжелілердегіталдауын дааныкталғанокушылар саны | Тәуекел тобына тіркелген окушы саны |
| 1 | | | 28 | -- | 32 | -- | 4 |

Сынып жетекшілер мен мектеп инспекторының есебі бойынша Суицид, құқықбұзушылық, ерте жүктілік орын алған отбасылардағы оқушылар жоқ.
Қараша – желтоқсан айларында «БесТерек» жобасы бойынша Далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. 5-11 сынып оқушылары арасында «Менің отбасым!», «Менің ең жақын досым!», «Менің арманым!» тақырыптарында эссе жазылды.

Эссе қорытындысы бойынша Тәуекел тобына 9-сынып оқушыларынан 1 оқушы ,10 сынып оқушылары арасынан 1оқушы тіркелді. Ол оқушылармен жұмыстар жүргізіліп жатыр.
**«Үй, адам, ағаш»** проективті әдісі бойынша қатысқан оқушылардың нәтижесі төмендегідей.

5- сынып – 53, 6- сынып – 48, 7-сынып – 54, 8-сынып- 37, 9-сынып- 38, 10-сынып- 16, 11-сынып – 10. Тәуекел топқа енген оқушы -6




***Отбасы суреті әдістемесі бойынша алынған жұмыстың нәтижесі:***

Қатысқан оқушылар, 5-сынып- 42, 6-сынып-43, 7-сынып-50, 8-сынып- 31, 9-сынып- 34




Анықталған жұмыстың қорытындысы бойынша: Қауіптің жасыл деңгейі: бір оқушы 1 маманда тіркеуде болса онда ол оқушылар мен семинар, тренинг өткізіледі.

Қауіптің сары деңгейі: бір оқушы 2-3 маманда тіркеуде болса арнайы сауалнамалар алынып, жеке кеңес беріледі. Егерде Қауіптің қызыл деңгейі: бір оқушы 4 маманда тіркеуде болса арнайы «Тәуекел топ» қа енгізіліп, «Үй,адам , ағаш» праективті әдісі, «Отбасы» суреті әдістемесі алынып жеке кеңес беріледі.

«Тәуекел топқа» алынған 4 оқушымен тиесілі жұмыстар жүргізілді. Қазіргі таңда аутодеструктивті және деструктивті мінез құлқы анықталған оқушылар тізімде жоқ.

*Ұсыныс:*

1. *«Бес терек» жобасы бойынша пед кеңестегі шешіммен және мектеп директорының бұйрығымен бекітілген арнайы мамандар тығыз байланыста болып жүйелі жұмыс атқарылса.*
2. *Мектептегі пән мұғалімдер «Бес терек» жобасының жұмысын әрі қарай жандандыруға үлес қосса.*